

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Философия және Саясаттану факультеті
Педагогика және психология мамандығы
3 курс

СӨЖ

Тексерген: Елбаева З.У
Орындағандар: Мейманхан Ш



Газет,журнал атауы	Авторы	Мақала атауы	Мақала мазмұны
<p>Қызықты психология 01.01.2017</p>	<p>А.Нұргүл. Жамбыл облысы, Талас ауданы,Ойық ауылы Б.Әлменұлы атындағы орта мектеп педагог- психологы.</p>	<p><i>Мұғалімнің, психологтың,сынып жетекшілерінің дарынды балалармен жұмысын ұйымдастыру.</i></p>	<p>Мақаланың негізгі мәнін ашатын зерттеулердің бірі П. Торранстың зерттеу жұмысы.” Дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы емес,баланың бойында туа біткен қасиеттерді дамытатын - тәрбие мен оқыту”.</p> <p>М.Жұмабаев:”Балаға білім мен тәрбие жас шамасына қарай берілуі қажет.Жас бала – жас бір шыбық,жас күнінде қалай иіп тастасаң өскенде сол иілген күйіне қатып қалмақ.Теріс иілген шыбықты түзеймін десең сындырып аласың.”Баланы бастан” деген сөздің мәнісі осында” , -дейді ғалым.</p>

Газет,журнал атауы	Авторы	Мақала атауы	Мақала мазмұны
<p>“Қызықты психология” Республикалық ғылыми-практикалық, танымдық-психологиялық журнал. №3,2016</p>	<p>Ж.А.Алмасқызы Педагог-психолог А.Хұсайынов атындағы ОЖББМ Жұлдыз ауылы, Казтаов ауданы, БҚО</p>	<p>Мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты арттыру жаттығулары.</p>	<p>Мақалада отбасы тәрбиесінде ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру тренингтері қарастырылған. Тәрбиенің ең тамаша жері – отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі алатын орнын, жеке тұлғаның оқу-тәрбиеге жауапкершілігін арттыра отырып, мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты арттыру.</p> <p>Маған мақаланың ұнау себебі - бұл мақалада отбасы мен мектеп ұжымының қарым-қатынасын арттыратын тренингтер көптеп қарастырылған.</p>

Газет,журнал атауыр	Авторы	Мақала атауы	Мақала мазмұны
<p align="center">Жантану мәселелері. №6/2016</p>	<p align="center">З.Рамазанова</p>	<p align="center"><i>Отбасындағы бала тәрбиесінде кездесетін қателіктер және оның алдын алу.</i></p>	<p>Маған бұл мақала ұнау себебі бұл тақырыпта ата- ананың бала тірбиесінде жіберілетін негізгі қателіктері шартты түрде аталып өткен.Солардың бірнешеуіне тоқталсам:</p> <p>Бала тәрбиесіндегі қайшылықтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> -шектен тыс босаңсыту; -өз бетімен жіберу н/е қорқыту; -аса қатаңдық; -орынсыз жазалау. <p>Шектен тыс қатаңдық:</p> <ul style="list-style-type: none"> -ата-ананың дәрекі билігі; -ұрып-соғып жазалауды қолдануы; -өктемдік қалдықтары. <p>Елеулі қателіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> -бала тәрбесін балабақшаға,мектепке жүктеу; -мадақтау мен көтермелеу тәсілдерін пайдалана алмау; -ішімдікке н/е өзге де өрескел іс-әрекеттерге кейбер ата-ананың әуес болуы; -балаларын орынсыз мадақтау; -материалдық жағынан қатты еркіне жіберу.

Отбасындағы бала тәрбиесінде кездесетін қателіктер және оның алдын алу мақаласына ұсынысым

1. Ата-ананың балаға деген сенімінің жоғары болуы. Яғни бала жауапкершілікпен бір міндетті өзінің қолына алса ата-ана балаға күдікпен емес сеніммен қарап, қолдау көрсетуі қажет.
2. Баланың уақытын тиімді пайдалануға үйрету. Айта кетер болсам қазіргі заманда еңбектеген баланың өзі смартфондарға қызығып тұрады. Ата-ана өзінің баласынан талап етуге құқысы бар. Мысалы: 6 дан 9 ға дейін сабақ оқисың, 9 да ұйықтайсың. Сол талаптары орындасаң күніне 2 немесе 1,5 сағат компьютер ойнайсың т.с.с дегендей.
3. Баланың араласатын ортасын танып білу. Яғни өзінің баласының достарының қандай адмадар болатыны, қандай адамдармен араласып жүргені ата-ананы толғаныдыруы керек. Мәселен, ата-ана баласының бірге өсіп келе жатқан ортасына мән бермеді дейік. Оның айналасындағылардың бір-екеуі шылым шегуге, бір-екеуі спирттік ішімдіктер ішуге әуес дейік. Сіздің балаңыз да оны өлданып көруі мүмкін немесе достары мәжбүрлеуі мүмкін.

4. Ата-ананың шектен тыс жұмыс басты болмауы. Баласының сабағына, киім киісіне, жүріс- тұрысына, болып жатқан мәселелеріне және де тәрбиесіне көңіл бөлу.

5. Әрбір ата-ана бала болмысындағы қабілетін анықтауы қажет. Яғни, бала өскен соң немесе тым кіші кезінен түрлі үйірмелерге беріп мазасын қашырмай, балаңыз нақты қандай әске жаны жақын, қандай іске келгенде арманы асқақ, қабілеті бейім екенін анықтау. Бала енді үйреніп, машықтанып бір істі қолға алған кезде оған ұстамдылықпен, сабырлылықпен қарау т.с.с.

Қорытындылай келе мен өз ойымды ұлы ғалым А.С. Макаренконың ата-аналарға берген кеңесімен аяқтағым келеді. Ол өзінің «Ата-анаға арналған кітабында»:

«...Бала тәрбиесінде сіздің іс-қимылыңыздың өзі шешуші роль атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойлайсыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде, тіпті сіз үйде болмағанда да іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, өзгелермен қалай сөйлесетініңіз, олар туралы не ойлайтыныңыз, сіздің дос-дұшпандармен қалай қарым-қатынас жасайтыныңыз, қалай күлетініңіз, қалай газет оқығаныңыз, осы іс-әрекеттеріңіздің бәрі балаңыз үшін маңызды. Тіпті дауыс екпінінің өзгеруі де бала сезінеді, сіздің барлық ойыңыз баланың көкейіне беймәлім жолмен жетіп жатады, сіз оны байқамайсыз да. Ал, отбасында сіз дөрекілік көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлесеніз осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз» - дейді.